


- Профиль модулінде мобильді қосымша қолданушысының жеке деректері жазылған (7 сурет).



Сурет 7. Профиль блогы

- Клиенттік архитектурада қайта пайдаланылатын компоненттер, күйді басқару кітапханасы (react-native-async-storage) және навигациялық кітапханалар (мысалы, React Navigation) пайдаланушы интерфейсін тиімді көрсету, күйді басқару және мобильді қосымша ішінде тегіс навигация үшін қолдануға болады.

Сервер мобильді қосымша мен сервер арасындағы байланысты өңдеу үшін RESTful API ұсынады, бұл деректер алмасу мен синхрондауды қамтамасыз етеді. Деректер JSON форматында беріледі, бұл тиімді және стандартталған байланысты қамтамасыз етеді.

Программа нәтижесін әлі де жетілдіре отырып, кез келген бейіндік пән бойынша ҰБТ-ға дайындалуға арналған толық курс жасауға болады.

*Асалбек М., Жеңіс Ж.Т., Сафина Д.М, студенттер
Мейрамбеков А.К., оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Мукашева Н.К., "№66 мектеп - лицей" КММ мұғалімі*

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНФОРМАТИКАНЫ 3-11 СЫНЫП АРАСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫ

Жобаның атауы: "оқушыларға арналған информатиканы 3-11 сынып арасында интерактивті білім беру және оқыту платформасы"

Жобаның мақсаты: оқушыларға оқуға ынталандыра алуға және уақытын тиімді пайдалануға көмектесетін интерактивті білім беру платформасын құру.

Жоба өзектілігі: қазіргі уақытта уақытты дұрыс пайдалану және бөлу өте маңызды және осы жоба арқылы оқушылар оқудағы кемшіліктерін уақытында анықтап, жұмыс істеуіне көмек бере алады.

Жоба жаңалығы: олар өз қалауы бойынша сынып таңдап, дайындала алады. Бұл әсіресе информатика пәнін таңдап отырған талапкерлерге ыңғайлы.

Жоба маңыздылығы: жоба оқуға ыңғайлы интерфейсі бар веб-платформаларды әзірлеуге негізделеді. Мұндай веб-платформаның артықшылығы-ол әр оқушыға жеке бейімделеді. Барлық факторлар ескеріледі: қабылдау және түсіну жылдамдығы, түсінбеген немесе қалып кеткен тақырыптары. Барлығы интерактивті оқыту әдістерін және ойын элементтерін қолдану арқылы рейтингтік жүйеде ұсынылады.

Жобаны пайдалану перспективалары:

- Оқушыларға оқуға ынталандыра алуға және уақыттарын тиімді пайдалануға көмектесетін интерактивті білім беру платформасын құру.

- Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және олардың информатика пәнінен мектептегі үлгерімін жақсарту.

Түсіндірме жазба

1. Жалпы ақпарат

1.1 жоба тақырыбының атауы:

"оқушыларға арналған информатиканы 3-11 сынып арасында интерактивті білім беру және оқыту платформасы"

1.2 Жоба бағытының атауы:

" Инновациялық әдістер және оқыту құралдары "

1.3 Факультет, кафедра:

Математика және ақпараттық технологиялар факультеті, Қолданбалы математика және информатика кафедрасы

1.4 жоба жетекшісі: Мейрамбеков Адлан Қуанышулы

1.5 жобаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні, оның айлардағы ұзақтығы: 2024 жылғы наурыз-2024 жылғы наурыз, жарты ай

1.6 сарапшыларды іріктеу үшін жобаның саласы мен бағытын сипаттайтын түйінді,кілтті сөздер: инновациялық технологиялар, интерактивті білім беру платформасы, қосымша курстар, веб-платформа, оқытудың интерактивті әдістері, білім беру технологияларын танымал ету, ойын элементтері, сыни ойлау және т. б.

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы

2.1 Жобаның мақсаты: оқушыларға информатика пәнін оқуға ынталандыра алуға және уақытын тиімді пайдалануға көмектесетін интерактивті білім беру платформасын құру.

2.2 Жобаның міндеті:

Оқушыларға мүмкіндік беретін интерактивті білім беру платформасын әзірлеу және енгізу:

1) Сапалы және қызықты білім беру мазмұнына қол жеткізу және қосымша курстар арқылы өзін-өзі дамыту мүмкіндігі

2) интерактивті сабақтар мен тапсырмаларға қатысуға

3) үлгеріміңізді қадағалаңыз және кері байланыс алыңыз

4) сыныптастарымен ғана емес бүкіл қолданушылармен жарыса алу

3. Жобаның ғылыми жаңалығы немесе маңыздылығы:

Жоба оқытудың қызығушылығы мен тиімділігін арттыру үшін интерактивті технологиялар мен ойын элементтерін қолдана отырып, білім берудің инновациялық тәсілін ұсынады.

Платформа ықпал етеді:

1) Әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген дербестендірілген оқыту

2) сыни ойлауды және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту

4.Зерттеу тобы және Жобаны басқару

Ф.И.О.	Факультет, кафедра, лауазымы	Жобадағы рөлі	Жұмыспен қамту (толық, толық емес)	Жоба бойынша жұмыс кезеңі (бір айда)
Мейрамбеков Адлан Куанышулы	МиИТ, ПМиИ, оқытушы	Басшы	толық емес	0,5
Асалбек Мөлдiр	МиИТ, ПМиИ, студент	Әзiрлеушi	толық	0,5
Женiс Жангер Талғатұлы	МиИТ, ПМиИ, студент	Әзiрлеушi	толық	0,5
Сафина Диана Мәуленқызы	МиИТ, ПМиИ, студент	Әзiрлеушi	толық	0,5

5. Зерттеу ортасы:

Жоба iске асырылатын болады:

1) тәжiрибелi педагогтар мен бiлiм беру контентiн әзiрлеушiлер тобымен

2) педагогика және бiлiм беру технологиялары саласындағы зерттеушiлермен

3) тестiлеуге және платформаны пысықтауға қатысатын мұғалiмдер мен оқушылармен

6. Жобаны iске асыру барысы:

1 кезең: зерттеу және әзiрлеу (1 күн)

-Оқушылардың қажеттiлiктерiн анықтау үшiн сауалнамалар мен зерттеулер жүргiздiк

-Бiлiм беру мазмұны мен интерактивтi элементтердi әзiрледiк

2 кезең: платформа құру (3күн)

-Ыңғайлы интерфейсi бар веб-платформаны әзiрледiк

-Бiлiм беру мазмұны мен интерактивтi функцияларды бiрiктiрдiк

3 кезең: Тестiлеу және нақтылау (1 күн)

-Оқушылардың қатысуымен платформаны тестiлеу және керi байланыс алдық

-Қажеттi түзетулер мен жақсартулар енгiздiк.